

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 475-V "Құрманғазы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Атырау облысы Құрманғазы ауданы мәслихаттың 2019 жылғы 4 шілдедегі № 425-VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 шілдеде № 4462 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихаттың 2024 жылғы 25 сәуірдегі № 127-VIII (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихаттың 25.04.2024 № 127-VIII (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына және "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысына сәйкес, Құрманғазы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 475-V "Құрманғазы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3408 санымен тіркелген, аудандық "Серпер" газетінде 2016 жылғы 14 қаңтарда жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Құрманғазы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасының :

1-тармағы келесі мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

5) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер

қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған занды тұлға";

4-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"4. Отбасы (азамат) (не нотариат қуәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Стандарттың З тармағына сәйкес, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша филиалының халыққа қызмет көрсету бойынша Құрманғазы ауданының бөліміне және/немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүгінеді";

келесі мазмұндағы 4-1- тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Отбасы (азамат) (не нотариат қуәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша филиалының халыққа қызмет көрсету бойынша Құрманғазы ауданының бөліміне немесе "электрондық үкімет" веб- порталына тоқсанына бір рет жүгінуге құқылышы".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала, жастар саясаты, зандылық және құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссияға (М. Куаншалиев) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезектен  
тыс XXXXV сессиясының төрагасы

Аудандық мәслихат хатшысы

X. Кабылов

Б. Жугинисов